

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті*

*Қазақстан Республикасының
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің
азымдағы жағдайы*

2017 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша

Көлемі: 6 бет
Кестелер саны: 5
Графиктер саны: 3
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2017 жыл

МАЗМҰНЫ

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер

2-график. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің өзгеру динамикасы

III. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жиынтық инвестициялық портфелі

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

Бүгінгі күнде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗК) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарды және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Бұдан басқа, қазіргі кезде Ұлттық Банктің атына ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беруге өтініштер түскен жоқ.

2017 жылғы 1 желтоқсанда жылдың басымен салыстырған кезде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттары санының 42 181 бірлікке немесе 0,4%-ға, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша 28 283 бірлікке немесе 7,1%-ға артуы байқалады.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша есептік күнге салымшылар (алушылар) шоттары санының 923 бірлікке немесе 2,5%-ға азаюы байқалады.

1-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны ¹	1.01.17	1.12.17	Өсімі (%-бен)
пайдасына міндетті зейнетақы жарналары енгізілген	9 380 059	9 422 240	0,4
пайдасына ерікті зейнетақы жарналары енгізілген	36 517	35 594	-2,5
пайдасына міндетті кәсіби зейнетақы жарналары енгізілген	400 427	428 710	7,1

2017 жылғы 11 айда зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары бойынша 942,1 млрд. теңгеге (14,3%), міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша 37,9 млрд.теңгеге (37,6%) ұлғайды, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өзгерістер байқалған жоқ.

(млрд. теңге)

Зейнетақы жинақтары	1.01.17	1.12.17	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 582,9	7 525,0	14,3
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	1,7	1,7	0,0
міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	100,7	138,6	37,6

№974 қағидаларға² сәйкес қызметшілердің (әскери қызметшілердің) пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару жүзеге асырылуда. Осылайша, 2017 жылғы 1

¹ Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны зейнетақы жинақтары жоқ жеке зейнетақы шоттарын есепке алусыз көрсетілген. 2017 жылғы 1 желтоқсанда зейнетақы жинақтары жоқ жеке зейнетақы шоттарының саны міндетті зейнетақы жарналары бойынша – 219 421, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша – 11 907, ерікті зейнетақы жарналары бойынша – 3 858 бірлік болды.


² «Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 974 қаулысы

желтоқсанға дейін республикалық бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтарудың жалпы сомасы 148,1 млрд. теңге болды.

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары³

Зейнетақы жинақтарының көлемі	(млрд. теңге)		
	1.01.17	1.12.17	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары	6 685,3	7 665,3	14,7
Зейнетақы жарналары ⁴	4 927,1	5 604,3	13,7
«Таза» инвестициялық кіріс	2 224,3	2 719,8	22,3
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі ⁵ (%-бен)	33,3	35,5	6,6

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (2-кестеге)



Осылайша, салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2017 жылдың басынан бастап 980,0 млрд. теңгеге (14,7%) ұлғайып, 2017 жылғы 1 желтоқсанда 7 665,3 млрд. теңге болды. 2017 жылдың 11 айындағы «таза» инвестициялық кірістің өсімі 495,5 млрд. теңге немесе 22,3% болды.

3-кесте. Зейнетақы төлемдері⁶

Көрсеткіштің атауы	(млрд. теңге)		
	1.01.17	1.12.17	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	840,4	1 034,4	23,1
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	143,9	166,9	16,0

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2017 жылғы 11 айда 194,0 млрд. теңгеге немесе 23,1%-ға ұлғайып, 2017 жылғы 1 желтоқсанда 1 034,4 млрд. теңге болды.

³ Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметінің басынан бері.

⁴ Зейнетақы жарналары туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметін бастағаннан кейінгі есептік нәтижелерімен көрсетіледі, сонымен бірге 2014 жылға дейінгі жинақтаушы зейнетақы қорлары арасындағы зейнетақы жинақтарын аудару туралы ақпарат осы мәліметтердің құрамында жоқ.

⁵ Жинақтаушы зейнетақы жүйесінен шығып кеткен салымшылар және алушылардың жеке зейнетақы шоттарына есептелген инвестициялық табысты есепке алумен.

⁶ Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметінің басынан бері.


II. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер

Көрсеткіштің атауы	1.01.17
ЖІӨ, млрд.тенге	45 732,1 ⁷
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	14,6

2-график. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің өзгеру динамикасы


Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы



2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2017 жылғы 1 қаңтар аралығын салыстырған кезде Қазақстан Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің ұлғаюы, атап айтқанда зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасының 14,3% бастап 14,6% дейін, зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасының 10,7% бастап 10,8% дейін және «таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасының 4,3% бастап 4,9% дейін ұлғаюы байқалады.

III. БЫРҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



⁷ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің жедел мәліметтері (stat.gov.kz)

2017 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2017 жылдың басынан 986,7 млрд. теңгеге немесе 14,7%-ға ұлғайып, 7 676,4 млрд. теңге болды.

2016 жылғы 1 желтоқсан – 2017 жылғы 1 желтоқсан аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 86,1 млрд. теңге болды.

5-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.01.17		1.12.17	
	Сомасы, млрд. теңге	үлесі %-бен	Сомасы, млрд. теңге	үлесі %-бен
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	2 910,8	43,5	3 462,6	45,1
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	2 681,3	40,1	2 907,9	37,9
Ұлттық Банктің ноттары	229,5	3,4	554,7	7,2
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0,0	0,0	0,0	0,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	187,9	2,8	120,6	1,6
акциялар	18,3	0,3	23,6	0,3
облигациялар	169,6	2,5	96,9	1,3
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	86,6	1,3	156,6	2,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	365,0	5,5	900,9	11,7
Тазартылған алтын	0,0	0,0	0,0	0,0
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	2 561,8	38,3	2 295,8	29,9
акциялар	127,5	1,9	179,2	2,3
облигациялар, оның ішінде:	2 428,2	36,3	2 116,6	27,6
шетел валютасында номинирленген	469,1	7,0	303,9	4,0
теңгеде номинирленген	1 959,1	29,3	1 812,7	23,6
ноттар	6,1	0,1	0,0	0,0
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	399,9	6,0	723,5	9,4
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0
Ақшалай қаражат және басқа активтер	177,5	2,7	16,5	0,2
Жиынтығы	6 689,5	100,0	7 676,4	100,0

2017 жылғы 1 желтоқсанда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен, тиісінше 45,1% және 29,9%).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі 1 178,1 млрд. теңгені (оның ішінде, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары) немесе зейнетақы активтері көлемінің 15,4%-ын құрайды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 9,4% немесе 723,5 млрд. теңге келеді.